


Мемлекеттік тілде іс қағаздарын
жүргізу



Өтініш

Орындаған: Кульманова М.Н.

I. Сабақтың мақсаты:

**Өтініш және оның
құрылымын меңгерту;**

**Өтініш тіліндегі
грамматикалық-
синтаксистік
тұрақты
құрылымдар
туралы білімін
бекіту;**


**Сөздер мен сөз
тіркестері арқылы
өтініш құрастыра
білуге үйрету;**

II. Сабақтың міндеті:

**Тақырып бойынша
сабақтан алған
білімін жетілдіру;**

**Кез келген жағдайға
өтініш жаза алуға
қаруландыру;**

**Ресми-құжаттарды
толтыру
сауаттылығын
арттыру;**



Өтініш жазылатын жағдайлар төмендегідей:

жұмысқа қабылдау

жұмыстан босату

басқа жұмысқа ауыстыру

**жалақыны көтеру
туралы өтініш айту
және т.б.**

**кезектен тыс демалыс
сұрау**

кезекті демалыс сұрау

**материалдық көмек (пәтер бөлу,
балабақшадан орын бөлу, т.б.)**

Өтініш құрылымы:

**Адресат
(кімге)**

**Адресант
(кімнен)**

Құжат аты

Мәтін

**күні, айы,
жылы**

ҚОЛЫ

Грамматикалық минимум

- Барыс септік: -ға/-ге, -қа/-ке
- Шығыс септік: -дан/-ден,
□-тан/-тен
- Есептік сан есім.
- Жіктеу есімдіктері: мен, сіз.
- Жіктік жалғау.
- Қысқарған сөздер (аббревиатура)

Лексикалық минимум

- ❖ Терминдер және терминдік сөз тіркестері
- ❖ Номенклатуралық атаулар
- ❖ Жалқы есімдер
- ❖ Ай аттары

Коммуникативтік минимум

Қарату формалары:
ханым, мырза, төраға,
төрайым

Етістік минимумы:
өтінемін, сұраймын, жіберу,
қабылдау, рұқсат ету, бөлу,
тұру, ауыстыру, пайдалану,
т.б.

Тұрақты клише үлгілері: **басқа**
жұмысқа ауысуыма байланысты,
отбасы жағдайыма байланысты,
кезекті демалыс сұрауыма
байланысты, т.б.

Өтініш үлгісімен танысыңыздар.

“Жұлдыздар отбасы” журналының

бас редакторы

Р.С. Ормановқа

“Универ” журналының редакторы

Г.С. Аймауытовадан

Өтініш

*Сізден №16 шығарылымда жарияланған Р.
Рымбаеваның “Өз өмірім, өз қолымда” атты мақаласын
“Универ” журналына жариялауға рұқсат беруіңізді
сұраймын.*

17.05.2015 ж.

қолы

*“Құрмет” ААҚ-ның директоры
Б.С.Ержанов мырзаға
менеджер
Р.Б. Жандосовадан*

Өтініш

Сізден отбасы жағдайыма байланысты 50 000 (елу мың) теңге көлемінде материалдық көмек көрсетуіңізді өтінемін.

17.06.2015 ж.

қолы

Мағынасына қарай сәйкестендіріңіздер.

- | | |
|-------------------------|----------------------|
| ✓ Инженер | қызметінен |
| ✓ үстіміздегі | өтінемін |
| ✓ үйлестіруші | бас директоры |
| ✓ кезекті | ретінде |
| ✓ ауыстыруыңызды | өзгеруіне байланысты |
| ✓ мекен жайымның | жылғы |
| ✓ “Қор” серіктестігінің | еңбек демалысы |

Құрылымына қарай дұрыс орналастырыңыздар.

- ❖ Хаттама бөлімінің бас маманы
- ❖ Жаңа технологиялармен жабдықтау үшін
- ❖ «Арай» ААҚ-ның бас директоры
- ❖ Қаржы бөлуіңізді сұраймын
- ❖ Ж. Жақсылықовадан
- ❖ 2014 жылғы 14 маусымдағы №5 бұйрыққа сәйкес
- ❖ А. Жұбанов мырзаға
- ❖ 145 000 (жүз қырық бес мың) теңге көлемінде
- ❖ Хаттама бөліміндегі кабинеттерді

